

Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Ахатова Багила Абильможиновнаның «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін Агымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының «Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» деген тақырыпқа жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған: - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның	Диссертациялық жұмыс арнайы бағдарлама аясында орындалмаған.

		немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		<u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді: 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27. 04.2016 ж).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертант Н.Б.Агымедуллаеваның зерттеу нәтижелері медиалингвистикасы, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану, медиадискурс теориясын дамытуға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған, ол осы бағыттағы ғылыми тұжырымдарды және тілдік деректерді салыстыра, салғастыра талдауға негізделген. Алынған зерттеу нәтижелері маңызды деп санаймыз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Н.Б.Агымедуллаеваның өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни көзқарасы қалыптасқан, ғылыми ойды нақты жеткізе білген. Өзінің жеке пайымдауларын ұсына отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей алған.

			Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделенген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (8-9-беттер). Бұл мәселе медиадискурсты тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде теориялық тұрғыдан түсінудің қажеттілігімен, сондай-ақ оның нәтижелерінің мәдениетаралық коммуникация мен медиапрактика үшін практикалық маңыздылығымен айқындалып, нақты 3 фактормен дәйектелген. Бұл жұмыс қазақ және ағылшын саяси медиадискурсын салғастырмалы зерттеудегі бар олқылықтың орнын толтырады және медиалық сөзді лингвомәдени аспектіде зерттеуді онан әрі дамытуға үлес қосады. Диссертация тақырыбы осы тұрғыдан өзекті.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: <u>1) айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (14-16- беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да медиадискурс ерекшеліктерін қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде лингвомәдени аспектіде зерделеуге бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі

	1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	қоғамдық-саяси саладағы медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау және талдау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылған: 1) медиакурс пен лингвомәдениеттанудың теориялық негіздерін сипаттау; 2) саяси лидерлердің сөздері негізінде қазақ және ағылшын медиакурсының лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау; 3) Қазақстан мен АҚШ саясаткерлерінің сөздерінде көрініс табатын құндылық-мағыналық доминанталарды бейнелейтін ұлттық-мәдени концептілерді айқындау; 4) қазақ және ағылшын тілдеріндегі қоғамдық-саяси саладағы медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін қалыптастырудағы фразеологиялық бірліктердің және паремиологияның рөлін талдау; 5) мәдениетаралық қырынан шешендер қолданатын манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың қабылдану ерекшелігін анықтау мақсатында эксперимент жүргізу нәтижесінде корпусық сандық талдауды жүргізу. Аталған мақсат пен оған қол жеткізудегі міндеттер зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге (9- бет) толық қол жеткізген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеу

		1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (18-52- беттер) медиадискурс ұғымының анықтамасы беріліп, оның құрылымдық деңгейлері сипатталған. Дәстүрлі және жаңа (цифрлық) медианы салыстырып, айырмасын айқындаған (4-кесте, 33-бет). Медиакеңістіктегі дискурс түрлері жүйеленіп, институционалдық дискурс формаларының ерекшеліктері мен айырмашылықтары, медиадискурс пен арақатынасы айқындалған (1-кесте, 22-бет). Медиадискурстың лингвомәдени сипаты негізгі концептілер, құндылықтар, ұлттық-мәдени лексика, метафоралар мен образдар арқылы сараланып, қазақтілді медиадискурстағы мәдениетаралық ықпалдар кірме сөздер мен калькалар негізінде (2-кесте, 27-28-беттер) талданған. Медиадискурс пен медиамәтін айырмасы (3-кесте, 30-бет) ажыратылып, медиадискурстың коммуникативтік ерекшеліктерін медиамәтіннің интенционалдығы мен прагматикасының рөлін талдау арқылы, дәстүрлі және медиаформаларды салыстырумен, медиадискурстағы тілдік стратегиялар мен жанрлық көптүрлілік мәселесін, ұлттық-мәдени өзгешеліктерді, медиажанрларды нақты мысалдар негізінде талдаумен айқындаған. Қазақ және ағылшын медиадискурсының лингвомәдени айырмашылықтарын туғызатын факторларды (тілдің
--	--	--	--

		генетикалық ерекшеліктері, әлеуметтік-мәдени және саяси жағдайлар, құндылықтар т.с.с.) саралаған. Екінші бөлімде (53-79-беттер) қазақ, ағылшын медиадискурсындағы ұлттық-мәдени концептілерді саралап, оларды қолдану үлгілерін мысалдармен дәйектеген, кестеге түсірген (5-кесте, 58-бет; 6-кесте, 60-бет) және екі ел медиадискурсындағы ұлттық-мәдени концептілердің көрініс беру динамикасының графигін құрған (4-сурет, 62-бет). Медиадискурстағы фразеологизмдердің атқаратын қызметтерін (номинативтік, экспрессивті-бағалауыштық, интертекстуалдық, аксиологиялық, прагматикалық, идентификациялық т.с.с.) талдап, әртүрлі жанрда әрі коммуникативтік стратегиялық мақсатта қолданылуы мен жиілігін зерделеп, түйіндеген. Диссертант медиадискурстағы бейвербалды элементтер мен визуалды контентті талдап, олардың медиадискурстағы коммуникативтік артықшылықтарын, қабылдауды манипуляциялау мүмкіндігін саралаған. Қазақстандық және ағылшынтілді медиадискурстардың визуалды-коммуникативтік аспектілерін салыстыра талдау жасап, нәтижесін таңбалаған диаграмма (7-сурет, 78-бет) ұсынған. Үшінші бөлімде (80-156-беттер) қоғамдық-саяси медиакурс пен оның лингвомәдени ерекшеліктерін зерттеуде пайдаланған әдіснамасын негіздеп, әдіс-тәсілдеріне сипаттама берген.
--	--	---

			Диссертант өзінің қолданған кешенді зерттеу әдісіне Н. Фэрклоу мен Р. Водак, М. Мейер ұсынған корпустық лингвистика мен сапалық интерпретацияны түйістіретін Corpus-Driven Critical Discourse Analysis (CD-CDA) әдістерін, П. Бэйкер ұсынған алдын-ала мәтіндік өңдеу және сандық контент-талдау әдісін, Д. Лакоффтың когнитивтік-метафоралық тәсілі негізінде Э. Гоффман парадигмасында қолданылатын фреймдік талдау әдісін үйлестіріп енгізген. Сол әдіс-тәсілдерді қолданып өзі жинақтап құрған корпустағы, нақты айтқанда, 2020-2025 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен АҚШ-тың 45-ші Президенті Дональд Трамптың медиакөңістіктегі медиамәтіндеріне (жалпы көлемі –100) арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы талдау жасап, нәтижесін салғастыра тұжырымдаған. Салғастыра талдау нәтижесінде қазақ және ағылшын саяси медиадискурсының құрылымдық ерекшеліктері мәдени-идеологиялық мәнмәтінге тәуелді болатындығы, қазақ медиасында мемлекеттік идеология мен ұлттық дәстүрлер айқын көрініс тауып, ресми стиль қатаң сақталса, ағылшын медиадискурсында жеке жауапкершілік пен экономикалық мүдделерді насихаттау мен оппозициялық көзқарастарға кеңінен орын берілетіндігі айқындалған. Саяси медиадискурстың
--	--	--	--

			қызметтері жүйеленіп, тілдік таңбаларда берілу ерекшеліктері нақты мысалдармен расталған. Корпусқа енгізілген салғастырылатын екі тілдегі медиамәтіндерде қолданылған бірліктердің (метафоралар, эвфемизмдер, аргументтеу құрылымдары: риторикалық сұрақтар, себеп-салдар аргументациясы, анекдоттық дәлелдер, қарама-қарсы контраст, гиперболалар т.с.с.), фреймдердің (дағдарыс, ұлттық бірегейлік, күрес/жау фреймдері) жиілігі мен риторикалық мақсаты, стилі, образдары, лексикалық маркерлері нақты талданған. Сонымен бірге диссертант екі ел басшыларының сөзіндегі эмоциялық аппеляцияларға, олардың тілде таңбалануына, қызметіне, мәдени маңызына талдау жасаған, адресатпен байланыс тетігі саналатын прагматикалық маркерлерді, арнаулы прагматикалық формулаларды, сөйлеу актілерін де жан-жақты зерделеп, Қ.Тоқаев пен Д.Трамп риторикасын салыстырып, кестеге түсіріп ұсынған (29-кесте, 129-130-беттер). Диссертант саяси медиадискурстағы манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың мәдениетаралық қабылдануын талдау мақсатында қазақ және ағылшынтілді респонденттерден (100) сауалнама алған. Респонденттерге екі ел басшысының пандемия кезіндегі бейнеүндеуін қаратып, алдын ала корпус талдауынан алынған сұрақтарға жауап алып, SPSS v. 29 бағдарламасына автоматты түрде түскен
--	--	--	--

			жауаптар талданып, салғастырылған корпустың негізгі нәтижелері ұсынылған. Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертант ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Н.Б.Агымедуллаеваның өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар, диссертант зерттеуінің 38-бетінде берілген медиадискурстың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің жарнама мәтіндеріндегі код араластыруға қатысты өзіндік пікірінен де және диссертанттың өзі жүргізген сауалнама жауаптарын талдауынан да автордың жаңа шешімдерін өзіндік сыни талдауға негіздегенін анық аңғаруға болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Өйткені қазақ және ағылшын тілді медиа материалдар негізінде (нақты айтқанда, екі ел басшысының (Қ.Тоқаев пен Д.Трамп) медиамәтіндері) медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау алғаш рет кешенді және жүйелі түрде зерттеу нысанына айналып отыр. Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын-америкалық медиадискурстағы ұлттық-мәдени концептілердің вербалдану ерекшеліктеріне қатысты жаңа мәліметтер алынған. Қазақстан Президентінің ресми сөздерінде (ағылшынтілді баяндамалармен

		салыстырғанда) қолданылатын қазақ мақал-мәтелдері мен басқа да фразеологизмдер жүйесіне алғаш рет терең талдау жасалып, бұл ұлттық шешендік дәстүрдің өзіндік қасиеттерін ашуға мүмкіндік беріп отыр. Екі мәдениетке қатысты визуалды-коммуникативтік (бейвербалды мінез-құлық, мемлекеттік рәміздерді қолдану, сөзді рәсімдеу) салғастырмалы зерттеулерде мультимодальді тәсіл арнайы мақсатта қолданылған. Корпустық сандық талдау мен терең сапалық лингвомәдени талдауды сабақтастырып екі ел көшбасшыларының коммуникативтік стратегияларындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарды айқындаған. Диссертант алғаш рет саяси медиадискурстағы манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың мәдениетаралық қабылдануын талдау мақсатында қазақ және ағылшынтілді респонденттерден (100) сауалнама алып, SPSS v. 29 бағдарламасына автоматты түрде түскен жауаптарды талдап, салғастырылған корпустың жаңа бес негізгі нәтижесін ұсынған. Осы айтылғандар диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалығын, өзектілігін және теориялық-практикалық маңызын дәлелдейді.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u>	Ғылыми жұмыста алынған алты қорытындының үшеуі – <u>толығымен жаңа</u>, үшеуі – <u>ішінара жаңа</u>. Алғашқы тұжырымда мемлекет басшыларының БАҚ арқылы таратылатын көпшілік сөздері тәуелсіз

		2) <u>ішінара жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	сипатқа ие институционалдық дискурс жанры болып табылатыны мен оның белгілері болатыны, бұл дискурстың ресми-іскери стиль мен шешендік өнердің белгілерін біріктіріп, мақсатты түрде жалпыға ортақ аудиторияға бағытталған құрылым мен риториканы пайдаланатыны ғылыми әдебиеттерде орныққан, ал диссертанттың қазақ және ағылшын тілді саяси медиадискурстың ортақ коммуникативтік мақсаттарға ие бола отырып, әрбір елдің тарихи-мәдени мәнмәтініне байланысты өзіндік лингвомәдени ерекшеліктерге ие болуын тұжырымдауы, салыстырмалы мәдени сипаты – тың. Сондықтан бірінші қорытындыны <u>ішінара жаңа</u> деп санаймыз. Қ. Тоқаев пен Д. Трамп сөздеріндегі мәдени құндылықтар мен идеологиялық ұстанымдардың тілдік қалыптасу ерекшеліктерін айқындаған, қазақтың қоғамдық-саяси дискурсына (Қ. Тоқаев сөздерінде) бірлік, ұлтаралық келісім, дәстүр сабақтастығы сияқты ұжымдық құндылықтарға жүгінудің, мұнда дипломатиялық және құрметтілік мәнін ашатын позитивті коннотациялы лексиканың кеңінен қолданылуы мен ағылшын (америкалық) дискурсы (Д. Трамп сөздерінде), керісінше, еркіндік, жеке жетістік, «америкалық арман» сияқты даралық идеалдар мен ашық, кейде қақтығысты коммуникация стиліне басымдық беруімен ерекшеленуі, осылайша, әрбір дискурс ұлттық менталитетті көрсететіні, оның
--	--	--	--

			шеңберінде сәйкес лингвомәдениетке тән басты құндылықтар тілдік құралдар арқылы берілетіндігі туралы екінші тұжырымы екі ел көшбасшысының нақты медиадискурсын талдау негізінде алынғандықтан – <u>толығымен жаңа.</u> Зерттеу нәтижесінде екі саясаткердің көпшілік сөздеріндегі бірегей, бірақ өзіндік ерекшелігі бар негізгі концептілер жиынтығын анықтауы, қазақ дискурсында «Ел бірлігі», «Тәуелсіздік», «Даму» концептілері өзекті орынды иеленуі, олардың тарихи жадты (мемлекет егемендігін алғаннан кейінгі тәуелсіздік пен егемендік идеялары) және қоғамның ортақ мүддеге негізделуін меңзейтіндігі, америкалық дискурс Д. Трамптың сөздерінде «Freedom» (бостандық), «Greatness» (ұлылық, әсіресе «Make America Great Again» (Американы қайта ұлы етейік) ұраны, «Security» (қауіпсіздік) және «Prosperity» (өркендеу) сияқты концептілермен сипатталуы, олардың елдің ерекше орны мен жетістігі идеясын қалыптастыруы және америкалық мәдениеттің прагматикалық, патриоттық қырын көрсететіні, кейбір универсалды ұғымдардың (мысалы, прогресс, қауіпсіздік) екі саясаткерде де кездескенімен, олардың мазмұны мен екпіні әрбір елдің ұлттық-мәдени мәнмәтініне сәйкес түрліше көрініс беретіндігі туралы үшінші тұжырымы – <u>толығымен жаңа.</u>
--	--	--	--

			Төртінші қорытындыда берілген фразеологизмдер мен паремиологияның саяси сөздерде лингвомәдени ерекшелікті, эмоционалды-экспрессивті әсерді жеткізудің маңызды құралы болатыны ғылыми зерттеулерде кездеседі. Қ. Тоқаевтың сөздерінде қазақтың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері (кейде орыс тіліндегі баламалары) жиі ұшырасатыны, оларды қолданудың баяндамаларға халық даналығының және мәдени дәстүрдің беделін қосып, ұлттық аудитория үшін түсінікті мағыналармен толықтыратыны, Д. Трамп сөздерінде күнделікті мәдениет пен көпшілік санамен байланысты америкалық идиомалар мен қанатты сөздер (мысалы, «drain the swamp» (батпақты құрғату), «the American dream» (Америкалық арман), «make our country great» (елімізді ұлы етейік)) жиі кездесетіндігі, олардың популистік риторикаға тән белгілерді нақты көрсетіп, көпшілікке жақсы есте қаларлықтай әсер қалдыратыны, салыстыру көрсеткендей, қазақ дискурсы биік стиль мен мақал-мәтелдерге көбірек жақын болса, америкалық дискурс ауызекі идиомалар мен ұрандарға бейім болатыны, екі жағдайда да фразеологиялық бірліктердің аудиторияның эмоционалды қалпын күшейтуге және басты концептілерді әсерлі сөз орамдары арқылы бекітуге қызмет ететіні туралы тұжырымы нақты талдау негізінде жасалғандықтан – <u>жаңа</u>.
--	--	--	---

			Бесінші тұжырымда диссертант өз талдауының нәтижесіне сүйене отырып, Қ.Тоқаев пен Д.Трампың аудиторияға әсер ететін бірқатар тілдік тәсілдерді пайдалануы ортақ сипатқа ие екенін, алайда мұны әрқайсысы әртүрлі мәдени-риторикалық дәстүрлерге сәйкес жүзеге асыратынын, қазақ саяси дискурсында көбіне бірлікті насихаттау стратегиялары: ортақ жетістіктерді атап көрсету, ұжымдық жауапкершілікті білдіру, «біз», «біздің халық» сияқты инклюзивті лексиканы қолдану, сондай-ақ өткір мәселелерді талқылауда эвфемизмдер арқылы негативті тұсты жұмсарту тәсілдері басымдығын, бұлар дипломатиялық және сыйластық сипат беру арқылы қазақ мәдениетінде құндылыққа ие қадірлеу мен келісімді аңғартатынын тұжырымдаған. Д.Трампың сөзінде агрессиялы тіл белгілеріне дейін жететін тікелей сендіру стратегиялары жиірек байқалатынын: «өзіміздікі» мен «басқалар» (“we vs. they”) деп жиі қарама-қарсы қою, кей тақырыптарды әдейі шиеленістіру, қарама-қарсылықты үлкейту үшін гипербола мен қарапайым дихотомия қолдану жиі кездесетінін, бұл америкалық популистік дискурста тән әдіс екенін, өйткені ол аудиторияның эмоциясына (мақтаныш, ашу, қорқыныш) арқа сүйей отырып, оларды белсенді көзқарас ұстануға үндейтінін, соған қарамастан, екі лидер де санаға манипуляция жасаудың кейбір ортақ тәсілдерін қолданатынын: басты тезистерді қайта-қайта атау (рефрен),
--	--	--	---

		риторикалық сұрақтар қою, беделді тұлғаларға немесе дәстүрлерге сілтеме жасау, ойларын мысалмен жеткізу үшін қысқаша әңгіме айтып, нәтижесінде, манипуляциялық тәсілдің екі мәдениет медиадискурсында да бар екені, тек оның тілдік көрінісі ұлттық сөз нормаларына байланысты – байсалды аргументациядан бастап ашық шақыруға дейінгі түрде көрінетіндігін тұжырымдауы – <u>толығымен жаңа.</u> Көпшілік сөздердің визуалды тұсын талдау саяси медиадискурста вербалдық хабарды толықтыратын және күшейтетін бейвербалды элементтердің (дене қимылы, атрибуттар, рәміздер) өте маңызды рөл ойнайтынын көрсетуі – ғылыми зерттеулерде кездеседі. Қ. Тоқаевтың сөйлесу мәнері ұстамдылық және сыйластық сипатымен ерекшеленетіні (ым-ишараттың аздығы, сабырлы дауыс ырғағы, ұлттық элементтері (мысалы, елтаңбасы бар белгі) бар ресми іскерлік киім), мұндай ұстамдылық қазақтың коммуникативті мәдениетіне сай келетіндігі, онда ұстамдылық пен аудиторияны құрметтеу жоғары бағаланатыны әрі ол көшбасшының рационалды және біріктіруші бейнесін нығайтатыны, Ал Д. Трамптың, керісінше, ерекше экспрессивті стилімен танымалдылығы (қолын белсенді сермеу (сұқ саусақты шошайту, қолды кең сермеу), бет қимылының айқындығы, дауыс ырғағын құбылту, көбінесе, жарқын безендірулер (ту, “Keep America
--	--	--

			Great” сияқты ұрандар жазылған плакаттар) аясында сөз сөйлейтіні) және сол арқылы өз сөздерін визуалды символикамен нығайтатыны, мұның спектакльге ұқсас әсер беретіндігі және халыққа жақындық сезімін қалыптастыратыны, өйткені америкалық саяси мәдениетте көшбасшының харизмасы мен шоулық сипаты жоғары бағаланатыны, екі жағдайда да ұлттық құндылықтар туралы сөздер тиісті рәміздерді көрсетумен қатар жүретіні, сол арқылы визуалды коммуникация арнасы вербалдық хабармен үндесіп, эмоционалды әсерді күшейтетіні, медиадискурстың мультимодалді сипаты туралы қорытындының расталғаны: (тек «не айтылғаны» емес, «қалай айтылғаны» да маңызды), бейвербалды құралдар саясаткердің бейнесін қалыптастыруға және негізгі идеяларды жеткізуге үлес қосатын бірыңғай дискурстық кеңістіктің бөлшегі болатындығы туралы алтыншы тұжырымы – <u>жаңа</u>.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/ негізделмеген (qualitative research	Ғылыми жұмыстағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері дискурс теориясында,

		(куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	мәдениетаралық коммуникация, медиалингвистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика теорияларында орныққан ғылыми қағидаларға сүйенген және 2020-2025 жылдарда Қ.Ж. Тоқаев пен Д. Трамптың көпшілік алдында айтылған медиадискурсын (транскрипциялап, жазбаша талдауға бейімделген, барлығы 100 мәтін (50/50), корпустың жалпы көлемі бірнеше жүз мың сөзге жетеді, бұл әрбір кіші корпуста (қазақ тіліндегі және ағылшын тіліндегі) жиі қолданылатын лексика, фразеология және басты концептілерді сенімді түрде анықтауға жеткілікті мөлшер) мазмұндық және құрылымдық талдау негізінде алынған. Сонымен қатар негізгі қорытындылар ашық дереккөздерден алынған видеоматериалдарды пайдаланып (Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 8 шілде күні тікелей эфирде Қазақстан халқына арнаған үндеуі мен АҚШ-тың 45-ші Президенті Дональд Трамптың 2020 жылғы 11 наурызда Овальді кабинеттен COVID-19 пандемиясына арналған жолдауы) саясаткерлер сөзіндегі лингвомәдени ерекшеліктердің қабылдануын анықтау мақсатында жүргізілген 100 респонденттен алынған сауалнама материалдарын талдауға негізделген. Осылайша барлық қорытындылар теориялық негіз бен эмпирикалық материалды ұштастыра отырып,
--	--	---	---

			ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелер арқылы айқындалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер: 1-ереже тіл біліміндегі институционалдық, саяси дискурс, лингвомәдениеттану салаларының теориялық әрі әдістемелік мәселелерін, негізгі аспектілерін егжей-тегжейлі зерттеген ғалымдар тұжырымдарын салыстыра, сыни талдау жасау арқылы және қазақ-ағылшын медиадискурсын нақты талдау негізінде <i>дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i> 2-тұжырымы мәдениетаралық коммуникация, саяси риторикадағы құндылықтар концепциясы, этнолингвистикалық зерттеудегі теориялық тұжырымдармен және 2020-2025 жылдарда Қ. Тоқаев пен Д. Трамптың көпшілік алдында айтылған медиадискурсын талдаумен <i>дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i> 3-тұжырым тіл біліміндегі концепт теориясы, саяси дискурс пен концептологияның байланысын т.б. аспектіде қарастырған ғылыми зерттеулердегі негізгі тұжырымдармен сабақтастырылып, медиадискурсты концептуалды талдау әдісімен зерделеу арқылы <i>дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i> 4-тұжырым саяси дискурстағы идиоматика, фразеология теориясы, паремиология мен мақал-

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	мәтелдердің дискурстағы рөліне қатысты теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, 2020-2025 жылдарда медиакеңістікте жарияланған екі ел басшысының медиамәтінін талдаумен <i>дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i> 5-тұжырым саяси коммуникациядағы манипуляция, риторика мен аргументация теориясына, популистік дискурс, қазақ шешендік дәстүріне байланысты тұжырымдарға сүйене отырып, диссертанттың жүргізген сауалнама нәтижесін талдаумен <i>дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i> 6-тұжырым бейвербалды коммуникация теориясы, саяси имиджиология, мультимодалды дискурс, қазақ мәдениетіндегі сыпайылық, ұстамдылық нормаларына қатысты тұжырымдармен, екі ел басшысының медиадискурсын талдау нәтижелерімен <i>дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</i> Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары медиадискурс, медиалингвистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика, дискурсология мәселелерін талдаған теориялық ғылыми зерттеулерді зерделей отырып айқындалған, зерттеу бағыттары жүйеленген. Соған сәйкес іріктелген қазақ және ағылшын медиадискурсынан
--	--	---	--

			алынған 100 медиамәтінге талдау жасау арқылы дәлелденген. 7.5 Диссертация мазмұны халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒжЖБМ-нің Ғылым және жоғары білім саласы бойынша сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі басылымда 2 мақала және халықаралық конференция жинақтарында 4 мақаланың жариялануымен расталаған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасын таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың бөлімдерінде нақты сипатталған. Зерттеуде корпустық, лингвомәдени, семантикалық талдау әдістері, сонымен қатар түсіндірмелік және салғастырмалы әдістер пайдаланылған, әр әдіс бойынша алынған нәтижелер екі корпус (қазақ және ағылшын) арасында салғастырылып, контрастивтік сипаттамалар айқындалған. Н. Фэрклоу мен Р. Водак, М. Мейер ұсынған корпустық лингвистика мен сапалық интерпретацияны түйістіретін Corpus-Driven Critical Discourse Analysis (CD-CDA) әдістері, П. Бэйкер ұсынған алдын-ала мәтіндік өңдеу және сандық контент-талдау әдісі, Д. Лакоффтың когнитивтік-метафоралық тәсілі негізінде Э. Гоффман парадигмасында қолданылатын фреймдік талдау әдістерін үйлестіріп зерттеуде кешенді әдіснама ұсынылған, негізделген. Жалпы алғанда,

		зерттеу әдістемесі кешенді әрі пәнаралық сипатқа ие, бұл медиадискурстың тіл, мәдениет және саясат тоғысындағы күрделілігіне сай келеді. Аталған әдістерді пайдалануы диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығын байқатады.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Бұған мысал ретінде, диссертанттың респонденттерге екі ел басшысының пандемия кезіндегі бейнеүндеуін көрсетіп, алдын ала корпус талдауынан алынған сұрақтарға жауап алып, SPSS v. 29 бағдарламасына автоматты түрде түскен жауаптар талданып, салғастырылған корпусының негізгі нәтижесін ұсынуын атауға болады. Деректер Qualtrics онлайн платформасы арқылы жиналып, кейін жауаптар массиві SPSS v.29 бағдарламасына экспортталған. Алдын ала өңдеу кезеңінде мәліметтерден бос ұяшықтар тазаланып, көптік жауаптар бинарлық айнымалыларға қайта кодталған, сондай-ақ интегралдық индекстер құрастырылған. «Эмоциялық реңк – дауыс – сөз – ым-ишара» шкалаларының ішкі сәйкестігін бағалау үшін Кронбах α коэффициенті есептеліп, ал факторлық тұтастықты Principal Axis Factoring (promax ротациясымен) әдісі растаған.

			Орталық тенденция мен шашырау классикалық дескрипторлармен (орташа, SD, минимум, максимум) сипатталып; топтық айырмашылықтар нормаға сай келмеген жағдайда t-критерийінің орнына Mann–Whitney U және Kruskal–Wallis тесттерімен тексерілген. Жекелеген стратегиялардың жиілігі Multiple Response модулінде тіркеліп, олардың жиынтық ықпалын StratCount көрсеткіші бейнелеген. Аудиторияның жасырын сегментациясын анықтау үшін аралас типті деректермен жұмыс істеуге және кластерлер санын автоматты таңдауға ыңғайлы Two-Step Cluster алгоритмі қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар квази-эксперименттік, мәдени сипатқа ие сауалнама талдауымен дәлелденген. Атап айтқанда, саяси медиадискурстағы манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың мәдениетаралық қабылдануын талдау мақсатында (ағылшынтілді және қазақтілді аудиториялардан) сауалнама алып, нәтижесін талдап, қорытындылаған (143-157-беттер-беттер). Сол арқылы ұсынылған қорытындылар расталған. Диссертант өз жұмысының негізгі ой-қорытындылары мен талдауларын жүйелеп 29 кесте мен 8 сурет ұсынған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

		сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін тілді және мәдени құндылықтарды өзара сабақтастырып зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың (И.А. Бондарчук, В.И. Карасик, В.В. Красных, Ю.С. Степанов, Е.И. Шейгал және т.б), медиалингвистикаға қатысты (Т.Г. Добросклонская, И.В. Анненкова, Н. Фэрклоу, Р. Водак, Р. Фаулер және т.б.), сонымен қатар А.П. Чудиновтың саяси сөздегі метафоралар туралы жұмыстары, Т.А. ван Дейктің идеологияларды дискурстық қайта өндіру туралы еңбектері, саяси дискурс мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдардың (А.О. Мукашева және т.б) ғылыми айналымдағы зерттеу еңбектері құраған, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынып, сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 197 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс медиалингвистика мен саяси коммуникация, дискурсология, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика, мәдениетаралық коммуникация теориясын қазақ-ағылшын лингвомәдени

			ерекшеліктері туралы жаңа мәліметтермен толықтырады, жалпы тіл білімінің жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Нақты айтқанда, зерттеу материалдары лингвомәдениеттану, аударматану бойынша арнайы курстар мен оқу құралдарын әзірлеуде және көптілді ортада жұмыс істейтін халықаралық қатынастар мамандарын, дипломаттарды, журналистерді даярлауда қолдануға жарамды. Жиналған сөз корпусын және жиілігі анықталған бірліктерді қазіргі саяси коммуникацияның фразеологиясы мен жаңа реалиялардың терминологиясы бойынша екі тілді сөздіктер мен анықтамалықтар құрастыруда пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақ және ағылшын медиадискурсы лингвомәдени аспектіде тұңғыш рет жүйелі түрде нақты екі ел басшысының (Қ.Тоқаев пен Д.Трамп) медиамәтіндерінен жинақталған корпус негізінде алғаш рет салғастырылып отыр.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа;	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұны, құрылымы, әдіснамалық негізі қисынды, ұсынылған тұжырымдар, олардың дәлелдемелері дәйекті, дегенмен диссертациямен танысуда туындаған мына жайттарды ұсынуды жөн санаймыз: 1. Әдіснамалық бөлімде ресейлік ғалымдар еңбектері көрсетілгенімен, мәтінде қазақстандық зерттеушілер еңбектеріне сілтеме берілген. Неліктен әдіснамалық негізде отандық ғалымдардың үлесі көрсетілмеген? 2. Зерттеу нысаны – саяси медиадискурс. Неліктен коммерциялық жарнама мәтіндері талдауға енгізілген және олар саяси дискурстың ерекшеліктерін қаншалықты аша алады? 3. Респонденттер бір мәдени кеңістіктен болғандықтан, деректердің нені көрсететінін (мәдениетаралық айырмашылықтарды ма, әлде бір мәдениет ішіндегі лингвомәдени ерекшеліктерді) нақтылау қажет. 4. Респонденттер қазақстандық болғандықтан, нәтижелердің американдық аудиторияны қаншалықты бейнелейтіні және қазақстандық лингвомәдени әсердің деңгейі нақтылауды қажет етеді.

			Бұл сұрақтардың туындауы қорғауға ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың мазмұны мен құрылымын, теориялық және практикалық маңызын, өзектілігін әлсіретпейді, керісінше, диссертанттың болашақ ғылыми зерттеулеріне бағыт-бағдар беру мақсатын көздейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша 7 жарияланым бар. Олардың мазмұны диссертацияның әрі теориялық, әрі практикалық негізін құрайтын бөліммен сай келеді. Әр жарияланымның ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Агымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша «Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға лайықты деп санаймын. Ізденуші Назерке Бөлекбайқызы Агымедуллаеваға «8D02304-Филология» білім бағдарламасы бойынша

			Ізденуші Назерке Бөлекбайқызы Агымедуллаеваға «8D02304-Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаймын.
--	--	--	--

Ресми рецензент,
филология ғылымдарының докторы, профессор

10.09.2025 жыл



Ахатова Багила Абилюмовна

Қойылған <u>Б.А. Ахатова</u> қолтаңбасын растаймын Кадрлар бөлімінің инспекторы Подпись <u>Ахатова Б.А.</u> заверяю Инспектор отдела кадров
